



ҚИНЭУ сайт



Instagram



Telegram



TikTok




YouTube



Facebook



Instagram колледж



# ҚИНЭУ news

*Nova proposita novam scientiam requirunt.*

№ 4

1 ақпан 2024 ж.

## Энергиядан басталды

ҚИНЭУ-де 2024 жыл бірден екі ірі спорттық іс-шарадан басталды.



ҚИНЭУ президенті Кубогы үшін алдымен колледж және университет ұстаздары мен қызметкерлері, кейін студенттер күресті. Ойын барысы жалындап тұрды! Тіпті аязды күнде. Тіпті далада. Ал ҚИНЭУ спорт кешенінде әр түрлі спорт түрлері бойынша жеңімпаздардың, біздің чемпиондардың есімдері аталды.

Бұл спартакиадалар қатысушылар мен көрермендерге қуат берді. М.Дулатов атындағы ҚИНЭУ ұйымдастырушылары мен президенті Мадияр Бахтиярұлы ЮНУСОВҚА жылды қозғалыс пен жеңістерден бастауға мүмкіндік бергені үшін рақмет!

Бұл тек бастамасы екеніне сенімдіміз. Белсенді және жеңіске толы жыл болсын, ҚИНЭУ!







# ФИЗИК ЖӘНЕ ЛИРИК

Бұл М.Дулатов атындағы ҚИНЭУ профессоры Жеңіс-Нұра Мырзатайұлы КУЖУКЕЕВ туралы. Оның бойында техникалық ақыл-ой мен шығармашылық түйсік таңқаларлық түрде үйлеседі. 78 жаста ұстаз физика-математика ғылымдарының кандидаты энергетика және машина жасау кафедрасында сабақ береді, коньки және шаңғы тебеді, екі хорда ән айтады және бұл әлемді сәл мейірімді етуге тырысады.

Материалда баяндаушының өз аузынан оның қалай жетістікке жеткені туралы баяндалған.

## Балалық шақ туралы

- Мен Тобылдың арғы жағында дүниеге келдім. Қазір бұл қала, ал сол жылдары - Затобол ауылы болды. Бес жылдан кейін біз Қостанайға, Нариманов жаққа көштік. Менің балалық шағымның көп бөлігі сол жерде өтті. Өбілсай сайында қанша шаңғы сындырғанымызды айтсайшы, міне сол кезден бастап конькиге деген сүйіспеншілігім оянды. Ол кезде балаларда қазіргідей ойын-сауық көп болған жоқ.

Мен қарапайым отбасында өстім: әкем-есепші, анам-тігінші, бауырларым мен әпкелерім. Рас, бауырларыммен жас айырмашылығым өте үлкен болды.

Мен мектепте оқыған кезімде үлкен ағам – оны туыстар қайтыс болғаннан кейін әкем асырап алды - Мәскеуде аспирантурада оқыды. Кейін мен бұл сөзді бірінші рет естіп, бірден болашақ мамандығымды тандадым. Мен балаларға сабақ беруді армандадым. Бірақ оқушыларға емес студенттерге.

Мектепте менің екі сүйікті пәнім болды – математика және орыс тілі. Алайда сол кездері ойымда ядролық физика, ғарыш, атом бомбасы болған еді. Физика жиі тандалатын сән бағыты болды, мен сол бір бағыты тандадым. Небәрі 17 жасқа толар-толмастан мен Алматыға келіп, С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне физфакқа түстім.

## Білімге деген құштарлық туралы

- Университетте екі жыл оқығаннан кейін мені кеңес әскерінің қатарына шақырды. Қызмет етуге Венгрияға жіберді. Мен үш жылдық үзіліс оқуға кері әсер етпейтінін түсіндім. Сонымен қатар, менде үнемі білімге деген құштарлық болды, мен оқығым келді. Сондықтан мен ғылыми-танымал кітаптарды, оқулықтарды және А4 форматындағы үш бағандық дәптерлерді алдын-ала сатып алдым. Әскердегі барлық бос уақытымды өз бетімше зерттеп, білім алуға жұмсадым. Осының арқасында үш жылдан кейін еш қиындықсыз оқуды оңай қайта қалпына келтірдім, емтихандарды ойдағыдай тапсырып, үздік диплом алдым.

Кейін, айтпақшы, менің рефераттарымды ағам мен әпкем қолданды. Олар екі дәптерімді жоғалтып алды, алайда біреуі осы уақытқа дейін аман қалды. Бірінші бетте күн жазылған - 1966 жылғы 25 тамыз. Бір таңқаларлығы, сия тіпті өнбеген. Жарты ғасырдан асқан бұл дәптерді студенттерге өзіндік жұмыстың мысалы ретінде көрсетемін. Мен нағыз байлықтың білім екендігін айтамын. Ақша-бұл құбылмалы нәрсе, оны бір сәтте жоғалтуға болады. Ал білімді ешкім де ала алмайды. Оны тек көбейтуге болады.

## Жұмыс туралы

- Менің алғашқы жұмыс күнім Новонежин ауылдық мектебінде



Нәтижесінде маған үй-жай бөлінді. Бұл мүлдем бейімделмеген бөлме болғанымен, алайда бәрі ойдағыдай болды. Кейін осы мақсатта ҚИНЭУ-де аудитория ұсынылды, мен барлық тілек білдірушілерді дайындай бастадым. Пандемия сабақтарға кедергі келтірді. Бірақ мен өз едістемеммен айналысқан балалар ҰБТ-ны сәтті тапсырып, жоғары оқу орындарына түсті.

Мен олармен әлі де байланыстамын. Тіпті оларды коньки тебуге апардым. Дене шынықтыру және спорт бөліміне хабарласып, бізге мұз айдынына тегін билеттер бөлінуін сұрадым. Студенттер, әрине, өте риза болды. Мен де керемет уақыт өткіздім – мен әлі күнге дейін коньки мен шаңғыны жақсы көремін. Мен үшін ең жақсы демалыс – белсенді демалыс.

Мен қазір оқушылармен тегін айналысуға дайынмын, бірақ жас мәселесіне байланысты ұйымдастырушылық мәселелерді өз мойныма ала алмаймын (айтпақшы, ҰБТ бағыты бойынша



лаларыңыздай қараңыздаршы» деп айтатынмын.

ҚИНЭУ-да биыл үлкен жоба іске қосылды, идея өмір сүруде)

## Лирикалық шегініс

- «Физика және лирика» бұрыннан бар ұғым. Көптеген физиктер, математиктер, техниктер - белгілі шығармашылық жандар. Оған мысалдар көп.

Менің құмарлығым математика болса да, мәдениет пен шығармашылық әрқашан менің қызығушылығымды тудырды. Отыз жылға жуық екі халық хорында ән айтамын: қазақ және орыс тілдерінде. 2015 жылы өзімнің 70 жылдық мерейтойыма арналған концерт ұйымдастырдым және одан үлкен ляззат алдым. Біздің хор әншілерін, белгілі қостанайлық әртістерді шақырдым. Бір күн бұрын жаңбыр жауып, түнде аяз болып, оқиға күні көктайғақ болды. Аномальды деп айтуға да болады. Күннің бірінші жартысында тіпті автобустар жұмыстарын тоқтатты. Бірақ концерт ауа-райына қарамастан өтті және ұзақ уақыт есте қалды.

Мен барлық университеттік іс-шараларға қатысуға тырысамын. Өткен жылы спектакльде патша рөлін сомдадым, спорт кешенінің директоры Татьяна Александровна Чернышова басты рөлде ойнады. Бірінші орынды иелендік! Алдағы уақытта да біздің тату ұжымда біз жылулықпен және мақтанышпен еске алатын көптеген жарқын оқиғалар болатынына сенімдімін.

күлімсіреді). Мен осы уақытқа дейін жұмыс істеймін және кем дегенде 80 жасқа дейін сабақ беруді жоспарлап отырмын. Мен өзіме осындай мақсат қойдым.

## Ең бақытты жылдар туралы

- Бұл Мәскеуде мен аспирантурада оқыған жылдар болды. Мен операға, балетке, театрға бара отыра шексіз бақытты болдым. Мәдени өмір мен үшін маңызды болды. Біз курстастарымызбен бірге жиналып, өлең оқыдық, ән айттық.

Аспирантура жылдарында мен үйлендім. Менің болашақ әйелім кіші курста оқыды. Оның әкесі өте танымал тұлға болды - «Диевский» совхозының бірінші директоры, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты. Ал менің анам сол кездері еден жуушы болып жұмыс істеді. Бірақ қайын атам мен енем мені жылы қабылдады.

Міне, мен 52 жыл отбасылы жанмын. Отбасы – мен шынымен мақтан тұтатын дүние. 96 жастағы қайын енем, әйелім, екі қызым, екі немерем, екі шөберем бар.

## Өмірлік принциптер туралы

Мен әрқашан бірге жұмыс істеген оқытушыларға: «Студенттерге ба-